

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 20 қаңтар N 85

"Лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының кеден органдарында қызмет өткеруі туралы ережені және Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының антының мәтінін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі N 1119 Р961119\_ қаулысын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 37, 354-құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Кеден комитеті жүйесі мекемелерінің басқарушы және оперативтік құрамдағы адамдарына дербес атақтар беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 тамыздағы N 655 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 31, 480-құжат) ;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 қарашадағы N 1192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж.,

N 46, 555-құжат);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 тамыздағы N 655 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 маусымдағы N 604 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 25, 260-құжат).

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК